



KAZ MINERALS LIMITED
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2021 жылғы 16 қараша

KAZ MINERALS ТОБЫ 2021 ЖЫЛДЫҢ ТОҒЫЗ АЙЫНДАҒЫ ӨНДІРІС НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАДЫ

Негізгі көрсеткіштер

2021 жылдың тоғыз айында KAZ Minerals Тобы 223,9 мың тонна мыс өндірді. Бұл жыл басында белгіленген 295 мың тонна мөлшеріндегі жылдық жоспарлы көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Өндіріс көлемі 2020 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 3%-ға азайды (2020 жылдың 9 айы: 230,0 мың тонна). Өйткені кенді қайта өңдеу көлемінің 3%-ға ұлғаюы ондағы металдың неғұрлым төмен мөлшерімен өтелді.

2021 жылғы үшінші тоқсанда Топ кәсіпорындарында 73,6 мың тонна мыс өндірілді (2021 жылғы 2-тоқсан: 77,9 мың тонна). Ақтоғайда ұзақ жоспарлы жөндеу жұмыстары және Шығыс өңір мен Бозымшақта кен өңдеу көлемінің төмендеуі салдарынан көрсеткіш 6%-ға төмендеді.

Алтын өндірісі 2021 жылдың тоғыз айында 21%-ға, яғни, 126,2 мың унцияға дейін төмендеді (2020 жылдың 9 айы: 160,4 мың унция). Бұл кендегі металдың жоспарлы төмендеуіне және Бозшакөл мен Шығыс өңірде осыған сәйкес өндіру коэффициентіне байланысты болды. Алтын өндірісі Топтың 2021 жылға жоспарланған 160-180 мың унцияға сәйкес келеді деп күтілуде.

Тоғыз айда мысты сату көлемі - 199,4 мың тонна. Бұл өндіріс деңгейінен 11%-ға төмен және COVID-19-ға қарсы шаралардың күшеюіне салдарынан Қазақстан-Қытай шекарасындағы шектеулерге байланысты. Аталған жағдай дайын өнім қорларының көбеюіне әкелді. Шектеулер 2021 жылдың төртінші тоқсанында жеңілдей бастады. Алтын мен күміске қатысты жағдай да осыған ұқсас: сату көлемі өндіріс көлемінен төмен. Бұл негізінен шекаралық шектеулеріне байланысты. Концентраттағы мырышты сату өндіріс деңгейіне сәйкес, өйткені, шикізаттың басым бөлігі Қазақстанда сатылады.

Ақтоғай

2021 жылдың тоғыз айында Ақтоғайда 40,199 млн тонна кен өндірілді (2020 жылдың 9 айы: 28,733 млн тонна): оксидті кен – 17,463 млн тонна, сульфидті кен – 22,736 млн тонна. Оксидті кенді өндіру көлемі 2020 жылға қарағанда едәуір жоғары (2020 жылдың 9 айы: 5,031 млн тонна), өткен жылы бұрын өндірілген шикізатты қайта суландыру үшін өндіріс уақытша тоқтатылған еді.

2021 жылдың тоғыз айында 19,131 млн тоннаға жеткен сульфидті кенді өңдеу көлемі 2020 жылдың тоғыз айымен салыстырғанда (18,081 млн тонна) 6%-ға жоғары және бүгінгі күні сульфидті кен байыту фабрикасы жобалық қуаттынан аса жұмыс істеуде.

Үшінші тоқсанда Ақтоғайда оксидті кеннен 7,6 мың тонна катодты мыс (2021 жылғы 2-тоқсан: 7,4 мың тонна) және сульфидті кеннен 24,8 мың тонна мыс (2021 жылғы 2-тоқсан: 28,6 мың тонна) өндірілді. Жалпы өндіріс көлемі – 32,4 мың тонна мыс. Бұл екінші тоқсанға (36,0 мың тонна) қарағанда 10%-ға төмен - сульфидті кеннен мыс өндірудің қысқаруы оксидті кеннен катодты мыс өндірісінің ұлғаюын едәуір өтеді.

Мысты сілтісіздендіру жылдамдығының артуы және суланған кен көлемінің өсуі арқасында 2021 жылғы қаңтар-қыркүйек айларының аралығында оксидті кеннен катодты мыс өндіру 18,3 мың тоннаға дейін жетті (2020 жылдың 9 айы: 16,7 мың тонна). Сульфидті кеннен мыс өндіру - 84,0 мың тонна, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2%-ға артық (2020 жылдың 9 айы: 82,6 мың тонна). Бұл өнімділіктің артуы және бөліп алудың неғұрлым жоғары коэффициентінің арқасында мүмкін болды.

2021 жылдың тоғыз айында Ақтоғай 102,3 мың тонна мыс өндірді – бұл 2020 жылмен салыстырғанда 3%-ға артық (2020 жылдың 9 айы: 99,3 мың тонна). Өйткені сульфидті кенді қайта өңдеу 6%-ға артып, байыту фабрикасы жақсартылған бөліп алу коэффициентіне қол жеткізді. Сульфидті кеннен де, оксидті кеннен де өнім өндіру көлемі жоғары болды.

Бозшакөл

Бозшакөлдегі 2021 жылдың тоғыз айында 21,999 млн тонна көлеміндегі кен өндіру көлемі өткен жылдың салыстырмалы кезеңіне сәйкес келеді (2020 жылдың 9 айы: 22,257 млн тонна), бұл ретте сульфидті кен аз, ал каолин балшығы бар (сазды) кен көп өндірілді.

2021 жылдың тоғыз айында 23,929 млн тонна кен қайта өңделген (2020 жылдың 9 айы: 23,751 млн тонн). Жыл басынан бері Бозшакөлдің екі кен байыту фабрикасы – сульфидті және каолин балшығы бар кендерді өңдейтін фабрикалар жылына 30 млн тонна кен көлеміндегі жобалық қуаттынан аса жұмыс істеуде.

Үшінші тоқсанда Бозшакөлде 27,7 мың тонна мыс, 30,1 мың унция алтын және 176 мың унция күміс өндірілді (2021 жылғы 2-тоқсан: 27,6 мың тонна мыс, 28,5 мың унция алтын, 193 мың унция күміс).

2021 жылдың тоғыз айында мыс өндірісі 10%-ға, яғни, 81,6 мың тоннаға дейін қысқарды (2020 жылдың 9 айы: 90,7 мың тонна). Бұған күтілгендей металдың кендегі орташа мөлшерінің неғұрлым төмен болуы және бөліп алу коэффициентінің төмендеуіне әкелген қорлардағы тотыққан шикізаттың көп мөлшерінің қайта өңделуі ықпал етті.

2021 жылдың тоғыз айындағы 84,8 мың унция көлеміндегі алтын өндірісі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 30%-ға төмен. (2020 жылдың 9 айы: 120,3 мың унция) – бұл да күтілгендей орташа мөлшердің төмендеуіне және бөліп алу коэффициентіне байланысты болды.

Бұл жағдайлар күміс өндірісіне де әсер етті: тоғыз айда ол 14%-ға, яғни, 554 мың унцияға дейін қысқарды (2020 жылдың 9 айы: 700 мың унция).

Шығыс өңір мен Бозымшақ

2021 жылдың тоғыз айында Шығыстүстімет кәсіпорындарында және Қырғызстандағы Бозымшақ кеншінде кен өндіру 2,867 млн тоннаға дейін төмендеді. Бұл өткен жылдан 6%-ға аз (2020 жылдың 9 айы: 3,063 млн тонна), өйткені Бозымшақта кен жинақталды.

2021 жылдың үшінші тоқсанында Шығыс өңірдегі өнімділіктің төмендеуі мен орташа алу коэффициентінің салдарынан және Бозымшақтағы орташа мөлшерің төмендеуі кесірінен мыс өндірісі 6%-ға, яғни, 13,5 мың тоннаға дейін (2021 жылғы 2-тоқсан: 14,3 мың тонна) қысқарды.

Тоғыз айда мыс өндірісінің көлемі 40 мың тонна көлемінде, яғни, 2020 жылдың деңгейінде қалды. 2021 жылы жобалық қуаттылықтан асып жұмыс істеген Бозымшақтың жоғары өнімділігі Шығыс өңірдегі өндіріс көлемінің төмендеуін толық өтеді.

2021 жылдың үшінші тоқсанында алтын өндіру – 13,2 мың унция, бұл екінші тоқсанға қарағанда 9%-ға аз (14,5 мың унция). Оған өнімділік пен бөліп алу коэффициентінің төмендеуі, сондай-ақ, Бозымшақта өңделетін кендегі метал мөлшерінің төмен болуы себеп. Ал 2021 жылдың тоғыз айында алтын өндірісі 5%-ға артты - 41,4 мың унция (2020 жылдың 9 айы - 39,5 мың унция). Бозымшақтағы өңдеу мен өндіріс көлемінің артуы оң әсерін тигізіп, Шығыс өңірде өндірістің жоспарлы төмендеуін өтеді.

Үшінші тоқсанда 550 мың унция күміс өндірілді, бұл Бозымшақ кеніндегі орташа мөлшердің төмендеуі, Шығыс өңірдегі өндіріс көлемінің азаюы, сондай-ақ, жалпы өңдеу көлемінің қысқаруы салдарынан екінші тоқсанға қарағанда 3%-ға аз (567 мың унция), болды. Тоғыз айдағы күмістің өндірісі - 1,548 млн унция, 2020 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 2% төмен (2020 жылдың 9 айы: 1,584 млн унция).

2021 жылғы үшінші тоқсанда концентраттағы мырыш өндірісінің көлемі - 12,3 мың тонна, бұл алдыңғы тоқсанның деңгейіне сәйкес келеді (2021 жылғы 2-тоқсан: 12,2 мың тонна). Биылғы жылдың тоғыз айында 34,1 мың тонна концентраттағы мырыш өндірілді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 14%-ға төмен (2020 жылдың 9 айы: 39,5 мың тонна). Себеп - Николаев байыту фабрикасында орташа мөлшер мен бөліп алу коэффициентінің төмендеуі. Дегенмен, орта мөлшердің төмендеуі жоспарланғандай көп болмады, сондықтан Шығыс өңірдегі концентраттағы мырыштың жылдық өндірісі Топтың 2021 жылғы жоспарынан сәл жоғары болады деп күтілуде.

Эндрю Саузам, KAZ Minerals Тобының басқарма төрағасы былай деп мәлімдеді: «2021 жылдың тоғыз айында KAZ Minerals жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, 224 мың тонна мыс өндірілді. Бұған Ақтоғайдағы жоғары өткізу қабілеті мен жақсы өндіру қарқыны ықпал етіп, Бозшакөлдегі күтілген орташа мөлшердің төмендеуін ішінара өтеді. COVID-19-бен күреске байланысты Қытаймен шекарадағы шектеулер біздің өнімдеріміздің экспорттық сату қарқынын бәсеңдетті, дегенмен 2021 жылдағы мыстың нарықтық бағасы Топқа жағымды әсер етуде».

		9 ай, 2021	9 ай, 2020	3 тоқ., 2021	2 тоқ., 2021	3 тоқ., 2020
Мыс өндіру¹	мың тонна	223,9	230,0	73,6	77,9	76,2
Ақтоғай	мың тонна	102,3	99,3	32,4	36,0	31,7
Бозшакөл	мың тонна	81,6	90,7	27,7	27,6	30,3
Шығыс өңір мен Бозымшақ	мың тонна	40,0	40,0	13,5	14,3	14,2
Алтын өндіру ²	мың унция	126,2	160,4	43,3	43,0	50,7
Күміс өндіру ²	мың унция	2 513	2 642	849	901	901
Концентраттағы мырыш	мың тонна	34,1	39,5	12,3	12,2	15,7

¹ Концентраттағы ақысы төленетін металл және Ақтоғайдағы оксидті кеннен өндірілген катодты мыс

² Концентраттағы ақысы төленетін металл

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

KAZ Minerals

Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals Limited (бұдан әрі – KAZ Minerals немесе Top) – Қазақстанда, Қырғызстанда және Ресейде заманауи, ірі ауқымды, азшығынды карьерлік типтегі тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін ШҚО орналасқан Ақтоғай және Павлодар облысындағы Бозшакөл ашық кеніштерде, сонымен қатар, Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен кен байыту фабрикаларында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді.

2020 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 306 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 50 мың тонна концентраттағы мырыш, 196 мың унция алтын мен 3,374 млн. унция күміс өндірілді. 2019 жылдың қаңтар айында Top Ресей Федерациясы Чукот автономиялы округіндегі Баимская мыс жобасын сатып алды. Баимская – ашық типтегі кеніш негізінде мыс өндіретін төмен шығынды әрі ауқымды тау-кен кешенін құру әлеуеті бар әлемдегі игерілмеген ірі мыс алаңдарының бірі.

Топтың жаңа өндірістік кәсіпорындары – Ақтоғай мен Бозшакөл – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырды. Сульфидті кенді қайта өңдеу қуатын екі есе арттыратын Ақтоғайды кеңейту жобасы 2021 жылдың қазан айында жұмысын бастады және жыл соңында тұтынушыларға алғашқы өнім жеткізіледі деп жоспарланған.

Top Баимская мыс жобасының Банктік техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуді аяқтады және күрделі құрылысының болжамды құны \$8,5 млрд құрайтын жаңа жобаны игеру ісін қаржыландыруда алға жылжуда. Ресейдегі Баимская лицензиялы алаңының аумағында орналасқан Песчанка кен орнының ресурстары JORC кодексіне сәйкес бағаланып, кендегі мөлшері 0,39% болатын 9,9 млн тонна мыс және кендегі мөлшері 0,21 г/т болатын 16,6 млн унция алтынды құрайды.

KAZ Minerals-та Қазақстанда, Ресейде және Қырғызстанда шамамен 16 000 адам жұмыс істейді.